

Құрметті төрағалық етуші!
Құрметті депутаттар!

Бүгін Сіздердің қарауларыңызға «2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы шығарылып отыр.

2013 жылға республикалық бюджетті нақтылауға макроэкономикалық көрсеткіштер болжамын түзету және ағымдағы жылғы 11 қазанда кеңейтілген Үкімет отырысында айтылған Мемлекет басшысының тапсырмаларын ескере отырып, ағымдағы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша шығыстар бойынша атқарылуының негізінде қалыптастырылған.

Аталған нақтылаудың негізгі міндеті жылдың қорытындысы болжанатын қосымша түсімдерді және күтілетін бюджет қаражатының толық игерілмеу, экономиканы қосымша ресурстармен қамтамасыз ететін және оң макроэкономикалық әсер ететін ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жолымен ұтымды пайдалану болып табылады.

Бұдан басқа, **790,6 млрд. теңгені** құрайтын республикалық бюджеттің тапшылығы **80 млрд. теңгеге** немесе **ЖІӨ-ге қатысты 0,2 %** төмендетілетін болады.

Бірінше нақтылауда көктемде енгізілген, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының нақтыланған болжамы

тұтастай берілген параметрлерде шамалы түзетулермен жүзеге асырылатын болады.

2013 жылы Жалпы ішкі өнімнің номиналды көлемі **34 444,3 млрд. теңгені** құрайтын болады, нақты өсімі жоспарланған **алты пайыздық деңгейде** сақтала отырып бұрын қабылданған көрсеткішке қарағанда **153,3 млрд. теңгеге жоғары.**

Мұнайдың бір барреліне **әлемдік бағаның** болжамдық **деңгейі 106,3 АҚШ долларына** дейін ұлғайды.

2013 жылы **экспорт көлемі 87 536,7 млн. АҚШ доллары** шегінде болады, **импорттың көлемі 2 661,4 млн. АҚШ долларына ұлғайды және 53 834,0 млн. АҚШ долларын** құрайтын болады.

Инфляция бойынша параметрлер бұрын жыл соңына болжанған **6-8%** дәлізінде сақталып отыр.

Нақтыланатын бюджеттің негізгі өлшемдеріне көшуге рұқсат етіңіздер.

2013 жылға арналған республикалық бюджет **түсімдері 5 242,5 млрд. теңге** көлемінде немесе бекітілген бюджетпен (5 228,4 млрд. теңге) салыстырғанда **14,4 млрд. теңгеге** ұлғая отырып анықталды.

Кірістердің болжамы (трансферттердің түсімін есепке алмағанда) **3 608,3 млрд. теңге** көлемінде бағаланады немесе бекітілген көлемнен **20 млрд. теңгеге** жоғары, оның ішінде салықтық түсімдер бойынша 6,9 млрд. теңге және салықтық емес түсімдер бойынша – 13,1 млрд. теңгеге ұлғаяды.

Бюджет кірістерінің факторлық талдауына өзгерістер үлестірілген материалдарда көрсетілген.

Салықтық түсімдер 3 511,7 млрд. теңгені құрайды.

Корпоративтік табыс салығы бойынша жоспар **42 млрд. теңгеге азаю** жағына нақтыланды. Негізінен азаю металдарға және қатты пайдалы қазбаларға әлемдік бағаның төмендеуі есебінен мұнайлық емес сектордың жалпы қосылған құнның өсу қарқыны 115,3 - дан 114,6%-ға төмендеуіне байланысты.

Қосылған құн салығы бойынша жоспардағы **43 млрд. теңгеге** қарағанда, оның ішінде 33,5 млрд. теңгеге Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларға, орындалған жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге салынатын қосылған құн салығы және импорт көлемінің 105,2%-дан бекітілген бюджетке есептеулерде қабылданған 112,2 %-ға дейін өсуіне байланысты 9,5 млрд. теңгеге Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға, салынатын қосылған құн салығы есебінен **ұлғайту** болжанып отыр.

Салықтық емес түсімдер бойынша жоспар 13,1 млрд. теңгеге ұлғаю жағына қарай ағымдағы жылдың 9 айы бойынша түсімдер серпініне сүйене отырып және АҚШ долларына теңге бағамының 150 теңгеден 152 теңгеге дейін өзгеруіне байланысты нақтыланды.

Мемлекеттің **негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдері** 2013 жылға 8,8 млрд. теңге сомасында айқындалды, яғни жылдың қорытындысы бойынша күтілетін іс жүзіндегі түсімдерге байланысты 5,6 млрд. теңгеге төмен.

Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің көлемі бекітілген **1 380 млрд. теңге** деңгейінде сақталады.

Мұнай бағасы болжамының ұлғаюына байланысты Ұлттық қорға мұнай секторынан түсетін түсімдер **407,3 млрд. теңгеге** ұлғаяды және барлығы **3,4 трлн. теңгені** құрайтын болады.

Республикалық бюджет **шығыстары** бекітілген бюджетпен салыстырғанда **65,6 млрд. теңгеге** төмендей отырып **6 033,4 млрд. теңге** сомасында көзделіп отыр.

Жалпы шығыстарды азайту **165,8 млрд. теңгені** құрайтын болады, оның ішінде:

мемлекеттің міндеттемелерін орындауға байланысты қалыптасқан үнемдеу есебінен **28,5 млрд. теңге;**

мемлекеттік сатып алу нәтижесінде қалыптасқан үнемдеуден **19 млрд. теңге;**

күтілетін толық игерілмеу - **118,2 млрд. теңге.**

Қысқартылған шығыстардың жалпы сомасынан жергілікті атқарушы органдарға нысаналы трансферттер **17,7 млрд. теңге** (11,6 млрд. теңге ағымдағы және 6,1 дамуға) құрайтынын атап өту керек. Өз кезегінде 1 қазанға жергілікті бюджеттердің жалпы трансферттерді игермеуі **80,2 млрд. теңге** құрады, ал бюджеттік қаражат қалдығы – **274 млрд. теңге.** Сондықтан, нақтылау кезінде шығыстарды азайтуда жергілікті бюджеттер зардап шегеді деп айтуға болмайды.

Босатылған қаражат, сондай-ақ қосымша бюджет түсімдері, мемлекет Басшысы тапсырғандай:

1. **бюджет тапшылығын 80 млрд. теңгеге** (870,6 млрд. теңгеден 790,6 млрд. теңгеге дейін) немесе Жалпы ішкі өнімге қатысты 2,3 %-ға дейін азайтуға;

2. жалпы сомасы **100,0 млрд. теңге** келесі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталатын болады:

- «Жезқазған–Бейнеу» теміржол желісінің құрылысына **30,0 млрд. теңге**, бұл Қазақстанның орталық өңірлерінен және Достық станциясында Қазақстанның батыс өңірлеріне және одан әрі Еуропаға жүк тасымалына тікелей жол ашу арқылы тасымалдау қашықтығын 1 200 км қысқартуға мүмкіндік береді;

- одан әрі Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасын орындау аясында экономика салаларын әртараптандыру мәселелерін шешу үшін «Қазақстанның Даму Банкі» АО-ң жарғылық капиталын ұлғайта отырып, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін «Бәйтерек» ҰБХ» АО-ң жарғылық капиталын ұлғайтуға **30,0 млрд. теңге**;

- барлық өңірлердің тұрақты дамуына қосымша импульс беретін ЭКСПО-2017-ні өткізуге дайындыққа **20,0 млрд. теңге**;

- «Қол жетімді баспана-2020» бағдарламасы аясында Астана қаласының өкілетті мекемесінің «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-ң алдындағы міндеттерін орындау үшін ескі және апатты тұрғын үйлердің орнына тұрғын үй құрылысы жобасын іске асыруға берілген кредиттерді қайтаруға **20,0 млрд. теңге жұмсалатын болады.**

Қаржылық тәртіпті жоғарылату мақсатында әкімшілердің шығыстарын ұлғайту бойынша өзге де ұсыныстары қабылданбады және келесі жылы қысқартылған шығыстарға қайта соманы бөлу қарастырылмайды.

Құрметті депутаттар!

2013 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау жобасының негізгі параметрлері осындай.

2013 жылға нақтыланған республикалық бюджеттің уақтылы қабылдануы, бірқатар басым міндеттердің шешіміне байланысты

екенін ескере отырып және жылдың аяқталуына дейінгі барынша шектеулі мерзімді назарға ала отырып, заң жобасына қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Назарларыңызға рахмет!